ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

# ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ: ОҚУ-МЕТОДИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР АЯСЫНДАҒЫ ЭКСПЕРТТІК БАҒАЛАУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК СЕМИНАР ЖИНАҚТАРЫ
11 қазан 2016ж.

---

# МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ: МЕТОДИКА ПРИМЕНЕНИЕ ЭКСПЕРТНЫХ ОЦЕНОК В СФЕРЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ-МЕТОДИЧЕСКИХ ПРОГРАММ

МАТЕРИАЛЫ РЕСПУБЛИКАНСКОГО НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО СЕМИНАРА
11 октября 2016г.

АЛМАТЫ 2016

**УДК 378**
**ББК 74.58**
**М43**

Рекомендовано к изданию Ученым советом юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби

*Редакционная коллегия:*
***А.Е. Жатканбаева, К.Н. Айдарханова, М.К. Накишева, А.К. Джангабулова, Р. Ережепқызы.***

**Международный опыт: Методика применение экспертных оценок в сфере образовательных-методических программ**: Материалы республиканского научно-методического семинара, 2016 г., 11 октября. – Алматы: КазНУ им.аль-Фараби, 2016. – 76 стр.

**ISBN 978-601- 278-862-4**

Сборник научно-методического семинара посвящен актуальным на сегодняшний день проблемам применение международного опыта, непосредственно связанного с условиями, критериями экспертных оценок в сфере образовательного процесса. .

**УДК 378**
**ББК 74.58**

**ISBN 978-601- 278-862-4**

©КазНУ им.аль-Фараби, 2016

**Содержание**

**Жатканбаева А.Е.,** К вопросу о методиках обучения правовым дисциплинам........ 4
**Кабанбаева Г.Б.,** Общефилософское понимание проблемы взаимодействия человеческого общества и природы........ 9
**Adylgazy S.,** Онлайн курсы новый этап в развитии дистанционного образования........ 12
**Айдарханова К.Н..,** К вопросу об участия экспертов в аттестационных комиссиях МОиН РК........ 14
**Smagulova D.S.,** The use of traditional and innovative technologies in the classroom for discipline "Tax Law"........ 18
**Kuanalieva G.A., Nakisheva M.K.** Interactive methods of training: formation and prospects........ 23
**Smagulova D.S.,** Guidelines for teachers to conduct lectures and seminars on the subject of «Customs Law........ 27
**Baimbetov N.S.,** The use of active and interactive educational technologies........ 32
**Алибеков С.Т.,** Актуальные вопросы правового воспитания и правовой пропаганды в учебном процессе........ 35
**Джангабулова А.К.,** Специфика методологии обучения правовым дисциплинам........ 38
**Тукибаева Н.С.,** Основные концепции правового обучения в Республике Казахстан в средних и высших учебных заведениях........ 42
**Әділғазы С.,** О методических приемах правового обучения........ 49
**Куаналиева Г.А.,** әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де кашықтықтан оқытудың кейбір мәселелері........ 53
**Рахметов Е.Ш.,** Методика работы с юридическими документами........ 56
**Бердібаева А.К.** Роль самостоятельной работы в формировании личности будущих юристов........ 60
**Nakisheva M.K., Yerezhepkyzy R.** Guidelines for preparation of tasks in the test form within the educational trajectories........ 66
**Айгаринова Г.Т.** Қазакстан Республикасының жер құқығы пәнінен силлабусты дайындау әдістемесі........ 70

г) разработка поурочного планирования темы.

Методика изучения темы на уроке включает в себя следующие аспекты:

а) формирование отдельных понятий темы (обоснование необходимости их введения, способов их изучения);

б) анализ связей знаний, которые имеют ученики на данном этапе изучения темы;

в) применение средств обучения;

г) выявление основных трудностей темы и их преодоление.

В процессе правового обучения большую роль играют интеллектуальные умения учеников, которые изменяются в зависимости от их возраста. Так, ученики 9 классов должны уметь анализировать правовую ситуацию, выделяя правоотношение и его составляющие (субъект, объект, содержание), оценивать поведение сторон с точки зрения правомерности и неправомерности, разъяснять субъектам правила их поведения и проч.

Специалисты считают, что в систему приемов умственной деятельности при изучении правовых понятий включаются приемы словесно-понятийного мышления. Это: анализ, синтез, сравнение, обобщение, доказательство, выявление существенного, формулирование выводов, приемы воображения и запоминания.

Анализ — это мысленное расчленение определенного целого явления на отдельные его составляющие. Синтез предполагает обратное: создать на базе отдельных элементов образ целого.

Например, изучают понятие «Преступление». Учитель права показывает им, что определенное противоправное поведение человека, имеющее признаки преступления, можно мысленно разделить на такие составляющие, как: субъект, объект, субъективная сторона, объективная сторона. Далее ученики мысленно анализируют конкретную правовую ситуацию, отвечают на вопросы.

При изучении теоретических вопросов используют сравнение. Оно позволяет выделить общее и отличное в изучаемых правовых понятиях.

В младших классах учитель может предложить школьникам памятку для проведения сравнения:

1. Выдели главные общие признаки изучаемых явлений.
2. Выдели основные вопросы, по которым будешь осуществлять сравнение.
3. Определи, чем различаются явления.
4. Сформулируй вывод, дай пояснения по окончании сравнения.

**Список использованной литературы:**

1 Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2011 года № 518-IV «О браке (супружестве) и семье» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.04.2016 г.)



**Г.А.Қуаналиева**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң «Кеден, қаржы және экологиялық құқық» кафедрасының профессор м.а., з. ғ. д.**

## әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де қашықтықтан оқытудың кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасының болашағы – бүгінгі жоғары оқу орындарында арнайы мамандық білім нәрімен сусындаған жастар болып табылады. Сондықтан, бүгінгі студенттерге сапалы білім берудің тиімді жолдарын іздестіру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр оқытушы өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында жаңарту жұмыстары жүргізіліп, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың жаңа мүмкіндіктері ашылуда.

Бүгінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Қазіргі жоғарғы оқу орындарындағы оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа нысанының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту болып табылады. әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң заң факультетінде қашықтықтан оқыту технологиясымен білім беру қолданылады.

Қашықтықтан оқыту - ол оқу процесі кезінде осы замандық компьютерлерге және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерді қолданып, сырттай және күндізгі білім түрлер қатарлы білікті білім алудың ең негізгі түрі. Қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзіндегі жетекші жоғарғы оқу орындарыныңбарлығында қашықтан білім беру жүйесі өркендеп студенттердің білім алуларына жағдай туғызып отыр. Осылай еткенде ғана студенттердің бір елден екінші елге орын ауыстыруларына шектеу қойып, кедергілер туғызудан гөрі көзқарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылған идеяларымен қаруланып, білім беру ресурстарын өзара алмастыру жағдайында болашағы зор жаңа істерді өркендете түсуге мүмкіндік туады. Коммуникациялық каналдарды ауқымды түрде тарату курсы маңызды міндеттерді ойдағыдай іс жүзінде асыруға септігін тигізбек.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы студенттердің білім деңгейін көтеру.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:

- бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;

- мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау;

- өзге мемлекетте тұрып жатқан студентке қашықтықтан білім беру.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң заң факультетінде «Универ жүйесі» арқылы білім алу дұрыс жолға қойылған. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата – аналар балаларының білім үлгірімін, ал оқытушылар тапсырма беріп, студенттердің жұмыстарын тексеріп бағалап отырады, қашықтықтан пікір алмасу процесі жүргізіліп отырады. Мұндай әдіс аркылы жоғарғы оқу орны мен ата – аналар, студенттер қауымы арасындағы байланыстың одан сайын нығаюына үлкен септігін береді.

«Универ жүйесіндегі» хабарландыру арқылы студенттер әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де өтетін әр түрлі шараларды біліп, оған қатысып отырады. Ол әр түрлі дөңгелек үстелдер, конференциялар, ғылыми жобалар, жарыстар, сайыстар және т.б.

«Универ жүйесі» – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Яғни, оқытушы мен студент арасындағы байланыс өзгереді. Қазіргі таңда «Универ жүйесі» электронды білім беру көп елдердің білім жүйесіне қарқынды енгізіліп отырған оқытудың озық формаларының бірі болып келе жатыр. Қазақстан Республикасында электронды оқыту білім жүйесінің инновациялық дамуының басты бағыттарының бірі болып есептеледі. Әлемдік тәжірибелердің көрсеткіштері бойынша «Универ жүйесі» білім беруді модернизациялаудың басты құралдарының бірі екендігін айқындайды. Электронды білім беру кең ауқымды жобасының жүзеге асуы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің ақпараттандыру мақсатына үлкен жол ашпақ.

«Универ жүйесі» технологиялары оқу үрдісіне келесі мүмкіндіктер береді:

- берілген материалды меңгеруге жағдай жасау үшін өте қолайлы және ыңғайлы;

-оқу материалын меңгеруде қиындық деңгейін, уақытын және көлемін таңдаудағы жекешілдік;

-интерактивті, өйткені, мұғаліммен, студенттермен синхронды (чат, скайп) және асинхронды (пошта, форум) әрекеттесу арқылы оқуға болады.

«Универ жүйесі» технологиясы –бұл мұғалімнің оқу сайты. Оқытушының оқу сайттарының ресурстары (бейнелекциялар, тест жұмыстар, практикалық тапсырмалар, форумдағы дискуссиялар, есептер шығару практикумдары, компаниялардың оқу-жаттығу жұмыстары) студенттерге ыңғайлы уақытта керекті тақырыбымен өз бабымен жұмыстануға мүмкіндік береді. Сандық білім беру контентін электронды оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми - әдістемелік зерттеулер құрайды.

Осылайша, «Универ жүйесі» технологиясы – бұл оқыту ортасы, оның көмегімен оқу үрдісін жекелеуге болады, оқытудың жылдамдығын таңдауға



болады (ақпаратты қабылдаған кезде). Студент өзіндік жұмысты дербес компьютердің, ноутбуктың, ұялы телефонның көмегімен ұйымдастыра алады. Студенттердің өзіндік жұмыстарының көлемін көбейту оқу үрдісін ақпараттық технологиялардың арқасында нығайтуға мүмкіндік береді. Студент автоматтандырылған жүйеде өзінің жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Ал оқытушы күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы студенттерге e-mail немесе sms-хабарламалар, есептелік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Ата-аналар қауымы тәрбие мәселелері бойынша кеңестер алу, сондай-ақ қашықтықтан баласының сапалы білім алуы мен жетістіктері туралы ақпараттық хабарлама алу мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесіне енуде. Мұғалімнің біліктілігі мен білімділігі үйлесіп, студенттерге терең білімді беруге бағытталғанда ғана нәтиже анық көрінеді. Білімділік пен біліктіліктің үйлесуі өз кезегінде мұғалім мен студент тарапынан елеулі еңбекті талап етеді. Қазіргі заманғы оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін сабақта пайдалану бүгінгі күннің басты талабы. Білім беру саласын дамытуға, өркендетуге байланысты қойылатын заманауи талаптар мен міндеттер өз кезегінде әр оқытушының жаңаша бетбұрысты талап етеді. Сондықтан ұстаздардың алдындағы басты мақсат - студенттерге сапалы терең білімді нәтижелі әрі тиімді жолмен жеткізу. Сонда ғана біз болашақтың кілті болып табылатын жастарға заман талабына сай сапалы білім береміз.